3 Қазанғап оркестрі Мәскеу сахнасында

4 Кешірім

27 тамыз, сейсенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№132 (20806)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

ТЕЛЕФОН АРҚЫЛЫ СӨЙЛЕСТІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Президенті Владимир Путинмен телефон арқылы сөйлесті.

Әңгімелесу барысында тараптар Қазақстан-Ресей ынтымақтастығының қазіргі жай-күйі мен перспективаларын талқылады.

Президенттер сауда-экономика және энергетика салаларында бұған дейін жоғары деңгейде қол жеткізілген уағдаластықтарды толықтай жүзеге асыру қажет екенін атап өтті. Сондай-ақ Владимир Путиннің Астанаға жоспарланған мемлекеттік сапарына дайындықтың сапалы болуын қамтамасыз етуге келісті.

Мемлекеттер басшылары халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты. Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында өтетін БРИКС саммитіне қатысуға шақырғаны үшін Ресей Президентіне ризашылығын білдірді.

КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР: МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Конституциялық кепілдіктер – кез келген мемлекеттің құқықтық жүйесінің негізгі элементтері. Олар мемлекеттік жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғайды, демократиялық институттардың жұмыс істеуіне жағдай жасайды және құқықтық мемлекеттің қалыптасуына ықпал етеді. Қазақстан Республикасында Конституция мемлекеттік құрылымның негіздерін, құқықтар мен бостандықтардың кепілдіктерін, сондай-ақ азаматтардың міндеттерін айқындайтын құқықтық жүйеде басты орынды алады.

1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы – мемлекеттің негізгі заңы. Ол егемендік, аумақтық тұтастық, мемлекеттік билік бірлігі, демократиялық және әлеуметтік сынды мемлекеттік басқарудың негізгі принциптерін айқындайды.

Конституцияның негізгі міндеті – мемлекет пен қоғамның тұрақты қызмет етуінің құқықтық негіздерін қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, сондай-ақ оларды жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

Конституцияның негізгі сипаты – ол ең маңызды қоғамдық қатынастарды реттейді. Белгілі бір принциптерді жариялап қана қоймай, оларды тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев негізгі заңның айрықша маңыздылығына қатысты: «Тарих біздің адамдардың негізгі құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ететін заңның салтанат құруына ұмтылғанын көрсетеді. Қазақстан Конституциясы әлемдік озық тәжірибе мен үлгісін, сондай-ақ тарихи және ұлттық дәстүрлерді қамтитын халық бірлігі мен мемлекетіміздің тәуелсіздігінің берік іргетасы болып табылады» – дей келе, Конституция азаматтардың мүддесіне табысты қызмет етіп, Қазақстанның одан әрі дамуына ықпал ететінін атап өтті.

2-бет

МЕРЕКЕ ҚАРСАҢЫНДА

БЕРЕКЕ БАСЫ – БАСПАНА

Конституция күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев әлеуметтік осал топтағы отбасыларға Қызылорда қаласы Жаппасбай батыр көшесіндегі бюджет есебінен сатып алынған 150 пәтердің кілтін табыстады. Салтанатты іс-шараға Парламент Сенатының депутаттары Руслан Рүстемов, Наурызбай Байқадамов және Мәжіліс депутаты Мархабат Жайымбетов қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Аймақ басшысы баспаналы болған азаматтарға ығі тілегін білдірді.

– Мемлекеттік қолдау мен ұлттық жобалар аясында биыл қаржыландырудың барлық көзінен өңірімізде 869 300 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Соңғы 2 жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Осылайша, тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті. Мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер беріледі. Өңірде жыл басынан бері 750-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Ерекше атап өту қажет, өткен жылдан бері қаламызда 7, 9, 12 қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Бүгін өздеріңізбен бірге тағы 150 отбасының баспана бақытына кенелгеніне куә болудамыз, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Салтанатты шарада Сенат депутаты Наурызбай Байқадамов жерлестерін құттықтады. Қоныстой иелері атынан Гүлдана Майхиева қуанышын жеткізіп, құрылыс саласының ардагері Жанәбіл Нұрқышұлы ақ батасын берді.

Тұрғын үйлерді салған мердігер мекеме қызметкерлеріне облыс әкімінің Алғыс хаты табысталды.

Айта кетейік, пәтер кілтін алғандар арасында жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, әлеуметтік жағынан осал топ өкілдері бар. Пәтерлердің аумағы 40 шаршы метр, оларды сатып алуға республикалық және облыстық бюджеттен 1 млрд 854 млн теңге бөлінген.

БІЛІМ

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Кеше өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте биылғы 2023-2024 оқу жылының қорытындысымен облыс әкімінің грантын иеленгендер тізімі нақтыланғаны айтылды. Бұл туралы облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Ғабит Жаңабаев баяндады.

– 2013 жылдан бері өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтар бойынша облыс әкімінің грантын тұрмысы төмен және көпбалалы отбасылардан шыққан түлектер иеленіп келеді. Биыл да бұл мақсатқа облыстық бюджеттен қаржы қаралды. Тамыз айының 5-15 аралығында құжаттар қабылданып, аудан және қалалық әкімдік жанынан құрылған конкурстық комиссиялардың екі мәрте отырысы өтті, – деді Ғ.Жаңабаев.

2-бет

Фото: Ашық дерекқордан

ДЕНСАУЛЫҚ

МАЗАНЫ АЛҒАН МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Коронавирустан есін енді ғана жиған адамзат тағы бір қатерлі жұқпалы дерттен зардап шегуде. Бүгінде әлем елдері маймыл шешегі аталатын жұқпалы дерт-пен күресуді бастады. ДДСҰ басшысы Тедрос Адханом Гебрейюс маймыл шешек эпидетін халықаралық маңызы бар денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай деп жариялады.

14 тамызда Африканың ауруларды бақылау және алдын алу орталықтары кеселдің өршуіне байланысты денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай жариялады.

ДДСҰ басшысының айтуынша, былтыр маймыл шешегінің тіркелу жағдайы едәуір өскен. Ал биылғы көрсеткіш былтырғыдан да асып түскен. Бүгіннің өзінде 14 мыңнан астам жағдай тіркеліп, олардың 524-і өліммен аяқталған.

«Конгоның шығыс бөлігінде маймыл шешегінің жаңа түрі тез таралуда. Енді оның көрші елдерге немесе Африканың басқа да мекендеріне де тарап кетуі – алаңдатып тұрған мәселе» деп атап өтті ДДҰ басшысы.

4-бет

ЕЛ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

Әзірге жағдай тұрақты, әйтсе де...

Денсаулық сақтау министрлігінің мәлімдеуінше, қазір коронавирус індеті жағдайын тұрақты деп бағалауға болады. Қазақстандықтар ұжымдық иммунитетті қалыптастырды және вакцинаға сұраныс жоқ. Алайда, пессимистік жағдайда әрекет етуге дайын. Бұл туралы «ҚазАқпарат» хабарлады.

Қазір елімізде коронавирусқа қарсы вакцинация жүргізіліп жатқан жоқ, бірақ эпидемия өршіген жағдайда мәселе қарастырылады. Бүгінде коронавирус инфекциясымен 1 290 адам тіркелген.

КВИ эпидемиясы өршіген жағдайда министрлік вакцина алу мәселесін қарайды. Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстанда немесе Ресейде өндірілетін ПТР-тесттерді пайдаланады. Олар сақтау мерзімі мен жарамдылығын ескере отырып, жыл сайын сатып алынады. Ведомствоның мәліметінше, содан кейін ғана кәдеге жаратылады.

Мектептерде қауіпсіздік күшейтіледі

1 қыркүйектен бастап қауіпсіздік мәселелері бойынша сыныпсағаттары тұрақты негізде енгізіледі. Бұл жөнінде Оқу-ағарту министрлігінің мәлімдемесін 24.kz келтірді.

Жалпы білім беру ұйымдарында тексеріс жүргізу жалғасып жатыр. Ведомство өкілдерінің айтуынша, мектептердегі жиһаз, спорттық жабдықтар, баспалдақтар барлығы тексеріледі. Сондай-ақ білім беру ұйымдарының аумағында және маңында ашық кәріз люктерінің болмауы да қаралады. Қазіргі таңда Ішкі істер министрлігі білім беру ұйымдарына іргелес жатқан жол инфрақұрылымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша 2023-2025 жылдарға арналған іс-қимыл жоспарын әзірледі. Құжатқа сай жарықтандыру, жылдамдықты шектеу және балалар қауіпсіздігі белгілері орнатылуы тиіс.

Ақылы жолдар саны артады

Egemen.kz-тің хабарлауынша, Көлік министрлігі елдегі бірнеше республикалық жолдарды ақылы негізге ауыстыру бойынша ұсыныс жобасын «Ашық НҚА» порталына енгізген.

Бұл қатарда «Балқаш-Бурылбайтал», «Бурылбайтал-Шу», «Қандыағаш-Мақат», Қарағанды айналма жолы, Тараз айналмалы жолы, «Үшарал-Достық» жол учаскелері бар.

Министрлік мәліметінше, осы учаскелер бойынша жол жүру ақысынан алынған ақша автомобиль жолдарын жөндеуге және күтіп ұстауға, олар бойынша қозғалысты ұйымдастыруға және ақылы автомобиль жолдарын күтіп ұстау үшін қажетті жол-пайдалану техникасын сатып алуға бағытталмақ.

«СБ» ақпарат

Валюта бағамы 483,67 kzt | 540,29 kzt | 5,27 kzt

Ауа райы +30⁰ +32⁰ | +24⁰ +26⁰

ҚҰРМЕТ

ЕҢБЕК АРДАГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ұзақ жыл мемлекеттік қызметте абыройлы еңбек еткен, «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері Ғайнулла Жарқынбаевты 70 жасқа, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Камила Әбжанованы 75 жасқа толуымен құттықтады.
Іс-шараға облыстың зиялы қауым өкілдері, еңбек ардагерлері, Парламент Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары қатысты.

Басқосуда аймақ басшысы мерейтой иелеріне ізгі тілегін жеткізді.

– Біз – «үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген аталы сөзді ұрпағының бойына сіңіріп өсірген халықпыз. Елдік мұраттар жолында адал қызмет атқарған алдыңғы буын ағалардың орны әрқашан бөлек, қалтқысыз еңбегі көпке үлгі.

Мәнді де мағыналы ғұмыр кешіп, сый-құрметке бөленген аға буынның арасында Ғайнулла Зейнуллаұлының тұлғалық келбеті, адами болмысы ерекше. Ол қай салада қызмет етсе де ең өзекті, кезек күттірмейтін мәселелердің оңтайлы шешімін тауып, жүйелі жұмыс жүргізді.

Камила Әбжанқызы КСРО Халық әртісі Асанәлі Әшімов түсірген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» кинофильмінде Мақпал бейнесін сомдап, киноэкранда да, облыстық театр сахнасында да кәсіби шеберлігін көрсетті. Сыр мәдениеті мен өнерінің дамуына, оның ішінде театр саласының өркендеуіне қосқан үлесі үшін «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын иеленіп, министрліктің Алғыс хаттарымен марапатталған.

Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдениет, руханият саласына қосқан сүбелі үлестеріңіз үшін сіздерге алғысымыз шексіз. Тілеулес азаматтардың, ақадал ниетті жерлестеріңіздің атынан мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтап, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз! – деді Н.Нәлібаев.

Жиында мерейтой иелеріне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, халқымыздың игі дәстүріне сай сыйсияпат жасалды.

Сонымен қатар, Парламент Сенатының депутаты Руслан Рүстемов, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық-музыкалық драма театрының режиссері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Хұсейін Жүсіпұлы, Қызылорда облысының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Шакизат Төребаев, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев мерейтой иелерін құттықтап, еңбек жолындағы жетістіктеріне тоқталды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕПІЛДІКТЕР: МЕМЛЕКЕТ ПЕН ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗІ

Ата Заңда адам мен азаматтың ажырағысыз және шектелуге жатпайтын негізгі құқықтары мен бостандықтары бекітілген. Оларға өмір сүру құқығы, адамның бостандығы мен қауіпсіздігі, сөз, діни сенім бостандығы, мемлекеттік істерді басқаруға қатысу құқығы және т.б. жатады. Бұл құқықтар мен бостандықтар Қазақстандағы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің негізі болып табылады.

Ал арнайы конституциялық кепілдіктерге азаматтардың нақты құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған механизмдер жатады. Қазақстан Республикасының Конституциясында Конституциялық Сот, Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты, сот арқылы қорғалу құқығы, мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану құқығы, білікті заң көмегін алу құқығы сияқты институттар қарастырылған. Бұл тетіктер азаматтарға өз құқықтары мен бостандықтарын қорғауға, бұзылған жағдайда көмекке жүгінуге, бұзылған құқықтарын қалпына келтіруге мүмкіндік береді.

Конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етуде Конституциялық Сот шешуші рөл атқарады. Ол Ата Заңның сақталуын, оның ішінде заңнамалық актілердің еліміздің негізгі заңына сәйкестігін қадағалайтын орган.

Конституциялық Соттың шешімдері Қазақстанның бүкіл аумағында міндетті және шағымдануға жатпайды. Сонымен қатар азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, олардың сақталуына кепілдік берудің және Конституцияға қайшы келетін нормативтік құқықтық актілердің қабылдануына жол бермеудің маңызды құралы екенін білдіреді.

Жаһандану және халықаралық құқықтың дамуы жағдайында конституциялық кепілдіктер Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа интеграциялануының маңызды факторына айналуда. Олар ұлттық заңнаманы халықаралық стандарттармен үйлестіруге ықпал етеді, халықаралық деңгейде адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және Қазақстанның халықаралық міндеттемелерін қолдайды.

Ата Заңды құрметтеу – әр азаматтың нақты істерінен, адал еңбегінен және заңға бағынуынан көрінеді. Сондықтан барлығы, әсіресе мемлекеттік қызметшілерден Конституцияның рухы мен әрпіне жауап бере алатын, оның нормаларының нақты орындалуын, бірыңғай қолданылуын қамтамасыз ететін конституциялық тәжірибе қалыптастырудың барлық жағдайын жасауды талап етеді. Жалпы, Ата Заңды қастерлеуден елдегі заңдылық тәртібі қалыптасады. Өкінішке қарай, мемлекеттегі құқықбұзушылықтар, оның ішіндегі мемлекеттік қызметшілердің кейбір жағдайларда заңды өрескел бұзуы, әрине халықтың мемлекеттік билікке деген сенімділігін төмендетеді.

Бүгінде мемлекеттің даму бағыты, ұлттық идеология туралы сарапшылар, ғалымдар көптеген ғылыми пікірталас ұйымдастырып, әр алуан ұсыныс жасайды. Көптеген этнос өмір сүретін қоғамда бұл мәселенің әржақты тұжырымдарды туындататыны әмбеге аян. Осы орайда біз өзіміздің адал еңбектеріміз арқылы құқық пен адам құқықтарының жоғары үлгілері мен құндылықтарын өмірге енгізуге ұмтылуымыз қажет.

Қанат ҚЫПШАҚБАЕВ,
«Болашақ» колледжінің оқытушысы,
п.ғ.м., педагог-зерттеуші

1-бет

САЯБАҚТАР ҚАЙТА ЖАСАНАДЫ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Мұрат Ергешбаевпен бірге Қызылорда қаласындағы мәдени-көпшілік демалыс орындарын, парктер мен саябақтарды аралады.

Алдымен Қорқыт ата кітабының 1300 жылдығына арналған ескерткіш орналасқан саябаққа барды. Дария жағалауындағы демалыс орнында биік тұғырға орнатылған ескерткіш бар, аумағы көгалдандырылған.

Содан соң Б.Шөкенов атындағы саябақтың жағдайымен танысты. Бұрынғы «Пионерлер паркінің» жер аумағы 18 927 шаршы метр, қоқыс жәшіктері, түнгі жарық бағаналары орнатылған.

2022 жылы «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында саябақтағы балалар ойын, баскетбол алаңдарына ағымдағы жөндеу жүргізілді.

Келесі нысан қалалық мәдениет және демалыс паркі болды. Жалпы аумағы 5,6 гектар, 93 аттракцион орналасқан. Оның 9-ы парк меншігінде, 84-і жеке кәсіпкерлерге тиесілі.

Танымал демалыс орнының бірі – «Теміржол паркі». 2018 жылы облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасынан қала әкімдігінің теңгеріміне өткізілді. «Жұмыспен қамтудың жол картасы» аясында 2021 жылы қайта жаңғыртылды. Паркте волейбол, баскетбол, теннис және спорттық жаттығу алаңдары мен субұрқақ бар. Бұл аумаққа 1 000-ға жуық түрлі сәндік ағаш егілген.

Тұңғыш Президент саябағы 2008 жылы салынды. Сәндік ағаштар, гүлзарлар, көшеттер отырғызылған. Жоғарыда аталған демалыс орындарының барлығын күтіп ұстауға «Реал Строй Снаб» ЖШС жауапты.

– Қаламызда халық демалатын, әсіресе жаздың аптабында саялайтын орындар аз. Сондықтан каникул кезінде, кешкісін тұрғындар балаларын ертіп баратын, алаңсыз демалатын, үлкен-кішіге бірдей ыңғайлы, қауіпсіз саябақтар, парктер көп әрі қолжетімді болуы керек. Ол үшін айдалаға жаңа парк немесе демалыс орнын салудың қажеті жоқ, қолдағы барымызды көгалдандырып, тазалап, абаттандырған өте тиімді. Жаңа аттракциондар, ойын алаңдарын, субұрқақтар салсақ, саябақтарымыз көріктене түседі.

Алысқа бармай-ақ, орталық алаңды мысалға келтірейік. Аз уақытта қала тұрғындары бас қосатын, демалатын жайлы мекенге айналып үлгерді. Қазан айынан бастап жұмысты қолға алыңыздар. Келесі жылдың 1 мамырына дейін қаладағы барлық демалыс орындары, атап айтқанда орталық парк, Қорқыт ата, Б.Шөкенов, Тұңғыш Президент атындағы, «Теміржол» саябақтары жұртшылыққа қолайлы етіп қайта жасалуы керек. Балалар ойын алаңдары, аттракциондар қойылып, тозығы жетіп тұрған тұстары жаңартылуы, жарықтандырылуы тиіс. Аттракциондардың басым бөлігін тұрғындарға қолжетімді, яғни тегін етсе, кейбірі ақылы қызмет көрсетеді. Көптеген отбасылардың ірі сауда орталықтарындағы ойын алаңдарына балаларын апаруға мүмкіндігі жоқ. Сол себепті демалыс орындары қаланың әр аумағында болуы керек, – деді облыс әкімі.

Нұрлыбек Машбекұлы көпшілік демалатын орындарға қатысты тапсырмаларды атап айтып, ең басты талап жұртшылықтың бәріне бірдей қолжетімділік екенін ескертті.

Суреттерді түсірген Б.Есжанов

ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ГРАНТЫ ТАБЫСТАЛДЫ

Басқарма басшысының айтуынша, арнайы комиссиялардың шешімі шықты.

– Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне 55, Қызылорда «Болашақ» университетіне 10, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясына 5 грант, Қазақ ұлттық-аграрлық зерттеу университетіне 13 грант, Қарағанды медицина университетіне 7 грант, С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетіне 8 грант, «Нұр-Мүбарак» Египет Ислам мәдениеті университетіне 2 грант тағайындалды.

Мамандықтар бойынша «Дизайнға» 1, «Журналистика және репортер ісіне» 1, «Әлеуметтік жұмысқа» 2, «Ақпараттық жүйеге» 2, «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыруға» 2, «Исламтануға» 2, «Азықтүлік өнімдерін өндіруге» 2, «Көлікті пайдалану технологияларына» 2, «Дәстүрлі музыка өнеріне» 3, «Археология және этнологияға» 4, «Аударма ісіне» 6, «Ақпараттық қауіпсіздік жүйелеріне» 10, «Экология және табиғатты пайдалануға» 13, «Жалпы медицинаға» 19 грант берілді.

Грант иегерлерінің 35-і – көпбалалы, 11-і – ата-анасының біреуі мүгедек, 11-і – асыраушысынан айырылған, 7-уі – аз қамтылған, 2-уі – мүгедектігі бар баланы тәрбиелеуші, 2-уі – толық емес отбасылардан, 1-уі – бала жасынан мүгедектігі бар.

Үміткерлерден қабылданған өтініштер бойынша әкімдіктер жанынан құрылған арнайы комиссиялардың отырыстары өткізіліп, олардың шешімдерімен бекітілген 100 гранттың 69-ы тағайындалды, – деді басқарма басшысы.

Айта кетейік, биылғы облыс әкімінің грантын тағайындау барысында мұғалім мамандығы қаралмаған. Оның себебі, бүгінде өңірде бұл мамандық иелері жеткілікті, яғни сұраныс жоқ. Ал жоғарыда аталған мамандықтар бойынша грант иеленіп, білім алған жас мамандарды жұмыспен қамту мәселесі басты назарда болмақ.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

1-бет

Аудан жаңалықтары

ҚЫЗЫЛОРДА

Комиссияның кезекті отырысы

Қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаевтың төрағалығымен кәмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті.

Комиссияның күн тәртібінде кәмелетке толмаған оқушылар арасында орын алған қылмыстар, сондай-ақ, балалардың білімі және тәрбиесімен айналыспаған ата-аналардың мәселелері талқыланды.

АРАЛ

Әлем чемпионатының жүлдегерін күтіп алды

Осы жылдың 17-22 тамыз күндері Иордания мемлекетінің астанасы Амман қаласында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен U17 жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында аралдық жас спортшы Алпамыс Болатұлы жеңіс тұғырынан көрініп, күміс жүлдегер атанды.

Байрақты бәсекеде топ жарған спортшыны аралдықтар ерекше сән-салтанатпен қарсы алды. Орталық алаңда жас өренді арнайы күтіп алған аудан әкімінің орынбасары Б.Жұмағұлов балуанға ізгі лебізін білдірді.

ҚАЗАЛЫ

Аудандық мәслихаттың кезекті сессиясы

Аудандық мәслихаттың кезекті XXVI сессиясы өтті.

Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет алғашқы жартыжылдықтағы ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындылары туралы есеп беріп, алдағы міндеттер мен жоспарлар жөнінде баяндады.

Жыл басынан 11 млрд теңге болып бекітілген аудан бюджеті 16,9 млрд теңгеге жеткен. Ал ауыл шаруашылығы саласындағы, өнімнің жалпы көлемі 5,7 млрд теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 2 пайызға артық орындалған.

ҚАРМАҚШЫ

Ән байқауында бағы жанды

Ақтөбеде қаланың 155, Қазақстан Композиторлар одағының 85 жылдығына орай мерекелік шаралар өтуде.

Соның бірі – «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері, Мәдениет саласының үздігі, «Дала дауысы» республикалық байқауының жеңімпазы Орал-Қосай Байсеңгір шығармаларын орындаушылардың «Жем – Сағыздың ән самалы» атты II аймақтық дәстүрлі ән байқауы. Байқауға ауданға қарасты «Ақтөбе» ауылдық округі клубының көркемдік жетекшісі Наргиз Ерлан қатысып, дипломант атанды.

ЖАЛАҒАШ

Еңбек ерін құттықтады

Аудан әкімі Ардақ Ибраимов Қазақстанның Еңбек ері, «Таң ЛТД» ЖШС төрағасы Имамзада Қуанышбайұлын қабылдап, 55 жасқа толған мерейтойына орай облыс әкімінің құттықтауын табыстады.

Салтанатты қабылдауға аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев, аудандық мәслихат төрағасы Өмірзақ Елеусінов, аудан ардагерлері, «Ер-Әлі» ШҚ төрағасы, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Әліби Бекжанов қатысты.

СЫРДАРИЯ

Тұрғындарды қабылдады

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Қабылдауға алдын ала жазылған тұрғындар өздерін толғандырып жүрген тұрғын үй, жұмыссыздық мәселелеріне қатысты жеке өтініш-тілектерін жеткізді. Көтерілген мәселелер бойынша тиісті сала басшыларына тапсырмалар беріліп, бақылауға алынды.

ШИЕЛІ

Түлектерге мүмкіндік

Өңірге қажетті мамандықтар бойынша 2024-2025 оқу жылына аудан бойынша облыс әкімі грантының бөлінісі негізінде үміткерлердің құжаттары қаралды.

Әлеуметтік көмек тағайындауға студенттерді іріктеу жөніндегі конкурстық комиссия хаттамасының шешіміне сәйкес 7 үміткер грант иегері атанды. Түлектер Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінде жаратылыстану және гуманитарлық бағыттар бойынша білім алады.

ЖАҢАҚОРҒАН

Мектептердің дайындығы пысықталды

Аудан әкімі Мажит Самитов кент орталығындағы білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына дайындығымен танысты.

Аралау барысында аудан басшысы сыныптардың, асханалар мен спорт залдардың жағдайын қарады. Мұнан бөлек, сыныптардың керекті жабдықтармен қамтылуын, мектеп асханаларының санитарлық тазалығын, білім ошақтарының ауласын көркейту-көгалдандыру жұмыстарын көріп, сала басшыларына тиісті тапсырмалар берді.

Дайындаған **Айнұр БАТТАЛОВА,**
«Сыр бойы»

Адам және заң, заң және қоғам – бұл іргесі ажырамаған және ажырамайтын үлкен ұғым. Елімізде Ата заңнан бастау алатын барлық заң жобалары Парламент палаталарындағы ел қалаулыларының елегінен өткеннен кейін ғана өмірге келеді. Ал сол заңдардың халыққа қызмет етуін, орындалуын қадағалайтын, заңсыз әрекеттердің жолын кесетін, кісінің құқығын қорғайтын заң қызметкерінің жолы өте жіңішке әрі жауапты болады. Әділдікті ту еткен әрбір заңгер заң шеңберінде халыққа адал қызмет етуі тиіс.

ЗАҢНЫҢ ЗАҢҒАР ГЕНЕРАЛЫ

Сондай әділ де адал азаматтың бірі, заңның заңғар генералы Айтбай Сүйінбайұлы Әлібаев еді. Сегіз қырлы бір сырлы, заңгер-журналист, ақынжанды абзал азаматтың бойында Қазыбек би бабамыздың адалдығы мен әділдігі, көсемдігі мен шешендігі сияқты асыл қасиеттері бар еді. Оған дәлел, оның ұзақ жылдар бойы заң саласында әртүрлі жауапты қызметтерді адал және мінсіз атқарып, осындай жоғары дәрежеге жетуі.

Айтбай Сүйінбайұлы Сыр перзенті. Тереңөзек кентінде орта мектепті тәмамдағаннан кейін Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Аталған оқу орнын қызыл дипломмен бітіреді. Оқуды үздік тәмамдаған талантты жасты сол кездегі облыс басшылары арнайы жолдамамен облыс орталығына алдырады. Алғашқыда облыстық прокуратурада қылмыстық істерді қадағалау бөлімінің прокуроры, бір жылдан кейін Қазалы аудандық прокуратурасының тергеуші қызметін атқарады. 1973-1977 жылдар аралығында Қызылорда қалалық прокуратурасының аға тергеушісі болып қызмет істейді. 1977-1983 жылдары Арал ауданының прокуроры қызметін атқарады. 1983-1987 жылдары Қызылорда қаласының прокуроры, 1987-1991 жылдар аралығында Жаңақорған ауданының прокуроры қызметінде болады. Ал 1991 жылы ол Маңғыстау облыстық прокурорының орынбасары болып тағайындалады. Сол жылы білікті заңгерді еліміздің Бас прокуратурасына қызметке алдырады. Сөйтіп тергеуді қадағалау басқармасының бастығы етіп тағайындайды. Айтекең 1992-1995 жылдары сол кездегі Торғай облысының прокуроры қызметін абыроймен атқарады. 1994 жылы Президент Жарлығымен Әділеттің III сыныпты мемлекет кеңесшісі шені беріледі. 1995-1998 жылдары Торғай және Қызылорда облыстары бойынша сол кезде құрылған Мемлекеттік тергеу комитеті басқармасының бастығы болады. Оған ұзақ жылдар бойы заң саласына сіңірген ерен еңбегі ескеріліп, Президент Жарлығымен Әділет генерал-майоры деген жоғары шені берілген. Еліміз өз алдына егемендік алғаннан кейін екі ірі заң саласында тұңғыш екі мәрте генерал-майор атағына ие болған азаматтың бірі – осы Айтбай Сүйінбайұлы Әлібаев. Айтекең 1998-2003 жылдары Қызылорда облысы әкімдігі мемлекеттік-құқық бөлімінің меңгерушісі, облыс әкімінің құқық жөніндегі аға кеңесшісі, облыс бойынша Сот шешімдерінің орындалуына жұмыс атқаратын комитеттің төрағасы, облыстық әділет басқармасының бастығы сияқты лауазымды қызметтерде болды. 2003-2005 жылдар аралығында Қостанай облыстық әділет басқармасын басқарған. Сол жылдардағы елеулі еңбегі үшін ол тергеу саласының Құрметті қызметкері атағына ие болды. 2001 жылы Президенттің Алғыс хатымен марапатталды.

Айтекең «Заң саласындағы ерен еңбегі үшін» белгісімен, Бас прокуратураның Құрмет грамоталарымен, 2007 жылы ҚР Президентінің Құрмет грамотасымен марапатталды. Басқа да медальдардың, мадақтаулардың, марапаттардың иегері.

2005 жылдан ҚР Әділет министрлігінің құқықтық насихат және заң қызметін ұйымдастыру комитетінің төрағасы, министрлікте ішкі әкімшілік департаменті мемлекеттік тілді дамыту басқармасының бастығы болып қызмет атқарады. Бұл Айтбай Сүйінбайұлының өмір жолы мен кәсіби қызметі жайлы тек қысқаша мағлұмат қана. Айтекеңнің адамгершілік қасиеті мен азаматтық бітім-болмысы бөлек әңгіме.

Оның қарапайымдығына, кішіпейілдігіне, адалдығы мен азаматтығына халық та, қызметтестері де қанық және тәнті. Әсілі бұндай қасиет кісіге қаннан тараса керек. Айтекеңнің арғы атасы Таңатар текті кісі болған. Ол сонау XVIII ғасырда Қазақ пен Хиуа хандығы арасында елшілік қызмет атқарып, елге елші Таңатар деген атпен әйгілі болған адам. Бұл кісі жайлы кезінде республикалық және облыстық баспасөз беттерінде деректі материалдар жарық көрген. Өз әкесі Сүйінбай да сауатты әрі шежірелі қарт болатын. Адалдықтың ақ жолымен жүрген Қалыбаев Көлбай ағасы 95 жасында дүние салды. Көлбай ағамыз да облысымызда әртүрлі жауапты қызмет атқарған ардақты азамат еді.

Иә, Айтбай – тектіден тараған белгілі тұлға. Кезінде Сыр сүлейлері жырларына қосқан Хиуа хандығы тұсында 40 жылға жуық қазақ халқы мен өзбек хандығы арасында елші болған Жайықұлы Таңатардың тікелей ұрпағы. Сондықтан болар, оның тектілігі көзге бірден көрініп-ақ тұрады. Белгілі жазушы-журналист Қайсар Әлім «Адам ізі» атты кітабын осы Айтбай сияқты аяулы азаматқа арнаған. Шығармашылығы жайлы көп сыр шертуге болады. Оның бірнеше шығармалары жарыққа шықты. Соның ішінде «Әке өсиеті» атты кітабы құнды дүние. Ол әкесі Сүйінбай жайлы толық мағлұмат беріп, тереннен сыр шертеді, әке өсиеттерін өмірге әкеледі. Айтекеңнің жазған мақалалары республикалық және облыстық газеттерде жиі жарияланып тұрды. Қазақтың қара өлеңінің қаймағынан сусындап нәр алған оның ақындық қабілеті өз алдына бір төбе, өз алдына көлек әңгіме.

Оны көпшілік қадірлейді, құрмет тұтады. Алаш Айтбай сияқты аяулы азаматымен мақтанады. Еліне бергенінен әлі беретіні көп білікті заңгер, қаламгер еді. Өкінішке орай, ардақты да аяулы атпал азамат, тау тұлға науқастан айығып кете алмай, былтыр мәңгілік сапарға аттанып кетті. Алаштың ардақты азаматын бүкіл ел болып ақтық сапарға шығарып салды.

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ,
ҚР ІІМ-нің еңбек және Құрметті ардагері,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

60 МЫҢНАН АСТАМ АВТОКӨЛІК РӘСІМДЕЛГЕН

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының Қызылорда облысы бойынша филиалы бүгінде қызылордалықтар қандай мемлекеттік қызметтер үшін ХҚКО-ға жиі жүгінетінін анықтады. Атап айтқанда, автокөлікті тіркеу, жеке куәлік алу, тіркеу және электрондық цифрлық қолтаңбаны алу сияқты қызметтер сұранысқа ие болып отыр.

Халыққа қызмет көрсету орталықтары мамандарының айтуынша, биылғы бірінші жартыжылдықта ғана облыста 60 мыңнан астам автомобиль тіркелген. Айта кетейік, шетелдік нөмірі бар машиналарды әкелу осы көрсеткіштің артуына ықпал еткен. Сонымен қатар, қызылордалықтар ХҚКО-дан 36 мыңнан астам жеке куәлік рәсімдесе, тұрғылықты жері бойынша тіркеу қызметін алу үшін 16 мыңнан астам тұрғын өтінішпен жүгінген.

Кейінгі уақытта жылжымайтын мүлікті тіркеу бойынша мемлекеттік қызмет көрсету деңгейі арта түскен. Бұл ретте 25 мыңға жуық өтініш қабылданған. Қазір ХҚКО-да бұл қызметті дербес менеджер ұсына алады. Ол жылжымайтын мүлікті сатушы мен сатып алушының қатысуынсыз барлық қажетті құжаттарды дайындайды.

Айта кетейік, мемлекеттік корпорация арқылы 1267 мемлекеттік қызмет қолжетімді.

«СБ» ақпарат

Қазанғап оркестрі Мәскеу сахнасында

1974 жылдың маусым айының аяғына таман №177 орта мектепте қызмет істеп жүргенімде аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Құдайберген Жасекенов ағамыз кабинетіне шақырды. Құдекең Ұлы Отан соғысының ардагері, ұзақ жылдар бойы комсомол, партия, совет органдарында жауапты қызмет атқарған, абырой-беделі бір басына жеткілікті, аудан халқына сыйлы азамат болатын. Қазақ ССР Еңбек сіңірген мәдениет қайраткері. Ширек ғасырдан астам уақыт осы сала жұмысының барынша жандануына, халықтың мәдени-рухани жағынан өсуіне, Арал өңірі өнерінің дамуына лайықты еңбек сіңірген адам.

... Дәл белгіленген уақытта кабинетіне келген мені ағамыз жылы шыраймен қарсы алып, бірден негізгі тақырыпқа көшті.

– Келесі айдың ішінде Мәскеуде СССР Мәдениет министрлігінің ұйымдастыруымен одақтас республикалардағы аудандық, қалалық ұлт-аспаптар оркестрлер мен хор ұжымдары өнерпаздарының қатысуымен үлкен конкурс өткізіледі. Конкурста өнер көрсетуге Қазақ ССР Мәдениет министрлігі, облыстық мәдениет басқармасы біздің Қазанғап атындағы халық аспаптар оркестрімізге үлкен сенім артып отыр. Көрсетілген сенім үдесінен біз абыроймен шығуымыз керек. Концерттік бағдарламаның жобасы дайын, асықпай қарап шық, – деп қолыма бір бет қағазды ұсынды. Көз жүгіртіп шықтым. Концерт жергілікті ақын, «Сазды» елді мекеніндегі «Қызыл отау» меңгерушісі Жанділда Әбішовтің «Мәскеуге сәлем» термесімен ашылуы керек. Он бес номерден тұратын бағдарламада музыка жанрының басым бөлігі қамтылған. Ән, би, күй, термеден бөлек, әлемдік классика Штраустың «Парсы маршы» мен П.Чайковскийдің «Көгілдір аққулар биі», Құрманғазының «Сарыарқа», Динаның «Партия туралы күйі», Сүгірдің «Бозінген» күйлері, Мыңжасар Маңғытаевтың «Советтік Қазақстан», Сыдық Мұханбетжановтың «Шаттық Отаны» атты симфониялық поэмалары концерт репертуарына енген. Одақ көлеміндегі конкурсқа түсуі халық ұлт-аспаптар оркестрі мен оның мүшелерінің орындаушылық шеберлігін, музыкалық сауаттылығын, кәсіби дәрежеге дейін көтерілген шығармашылық деңгейін көрсетіп тұрғаны байқалады.

– Енді бізге осы конкурстық бағдарламаны талғамы биік, кірпияз, өркениетті мәскеуліктерге қазақ-орыс тілдерінде еркін жеткізетін концерт жүргізуші конферансье қажет болып тұр, – деп сөзін жалғастырды Құдайберген ағамыз.

Біз ойласа келе, осы аса жауапты жұмысты өзіне міндеттегенді жөн көріп отырмыз. Сенің өнерден қаражау емес екендігіңнен хабарымыз бар. Музыкалық аспаптарда ойнай білесің. Жылда өтетін мұғалімдердің аудандық дәстүрлі фестивалінде ән айтып көзге түсіп жүрсің. Облыс сахнасында Байнияз (Тілепов), Болатбек (Имашев), Қияң (Ибраев) төртеуің квартет болып, екі дауыста ән шырқағандарың да есімде. Дауыс тембрің де, дикцияң да жақсы. Мәскеуге конкурстан тыс бір-екі жерде концерт қою мәселесін келісіп отырмыз. Сол кезде өзіңе де ән айтуға мүмкіндік береміз, – деп біршама мақтап алды да, жауабымды күтті.

Еңбек демалысында жүргенмін, ойланбастан келісімімді бердім. Қабылдау соңында бөлім басшысы ерекше тапсырма ретінде конкурста орындалатын шығармаларға орыстың әдеби тілінде, әрі кеткенде 4-5 сөйлемнен аспайтын қысқа да нұсқа аннотация дайындап, бірер күннің ішінде аудандық мәдениет бөліміне әкелуді тапсырды.

Көп кешіктірмей қазақ әндері мен күйлеріне орыс тілінде жазылған түсіндірме мәтінді мәдениет бөлімі жанындағы көркемдік кеңеске әкелдім. Ол бірауыздан мақұлданды. Оркестр мүшелері мен әншілерге арнап, республикалық серіктестік қоғамының шеберханасында қымбат матадан арнаулы ұлттық киімдер тігілді. Концерт жүргізушінің костюм үлгісі өзгешелеу ұлттық нақышпен айшықталып ерекшеленді. Күн сайын тыңғылықты репетиция өткізіліп тұрды.

Бізді сахнаға халық театрының режиссёрі Әбілхан Маханов дайындады. Әбекең оқыған-тоқығаны көп, ізденімпаз, өнерге өте құштар адам болатын. Кәдімгі аралдықтардың гимніне айналған «Аралым – айдын шалқарым» әнінің авторы. Ол – сондай-ақ суырыпсалма ақындық қырымен де көзге түсіп, облыстық ақындар айтыстарында мерейі үстем болып жүрген айтыс ақыны. Ә.Маханов режиссёрлік қызмет атқара жүріп, бір-екі актілі спектакльдерден бастап, күрделі классикалық драмаларды сахнаға дайындап, көрермендердің ыстық ықыласына бөленген жан еді.

Сахнаға кіріп-шығатын өнерпаздың жүріс-тұрысына, әр қимылына ерекше мән беретін ағамыздың ойынан шықпасаң қатты ашуланып, күйіп-пісетін. Менен орыс тілінде жазылған мәтінді жаттап алуды талап етті. Қойған талаптарының бәрін орындауға тырыстым. Бірақ Әбекеңе сахнаға шығу мәдениетім ұнамай-ақ қойды.

– Әй, жолдас Әуезов, сенің жазған аннотацияң, мәнерлеп оқуың, дауыс тембрің бәрі жақсы. Бірақ сенің сахнаға шыққандағы жүрісің ойымнан шықпай тұр менің. Ұнамайды. Жұрт сахнаға бір-ақ рет шықса, сен 15 рет шығасың. Сені тек мәскеуліктер ғана емес, телеарна арқылы бүкіл Одақ көрермендері көреді. Сондықтан сахнаға адымыңды еркіндеу, ширақ басып, күлімдеп, жайдары қалыпта шығуың керек. Міне, былай жүру керек, – деп соғыста жараланған аяғын едәуір сылти басып, сахна төрінде бір иығы көтеріліп-басылып еркін жүріп алады. Әбекеңдей жүру қайда бізге, дегенмен ұқсап бағамыз. Мұндайда ағамыздың айтқанына көніп, айдағанына жүруден басқа амал жоқ. Ол ренжісе, басың бәлеге қалды дей бер. Назары өңменіннен өтіп, өзіңді қоярға жер таппайсың.

Осылайша дайындық жұмысын аяқтап, тамыз айының басында «Балықшылар клубында» есепті концерт бердік.

Аудан өнерпаздарын Мәскеуге облыстық мәдениет басқармасының бастығы Жарылқасын Үмбетов пен Құдайберген Жасекенов ағаларымыз бастап алып барды. Одақтың түкпір-түкпірінен келген өнерпаздарды Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктерінің «Колос» атты мейманханасына орналастырды. Біз бір-екі күн байқауға дайындалып, астана қонақтарымен, туристерімен көрменің павильондарын, экспонаттарға толы алаңдарын аралап көріп, қызықтап, тамашаладық.

...Сонымен, міне, өнер көрсетер біздің кезегіміз де келіп жетті. М.Горький атындағы орталық демалыс паркінің ашық эстрада алаңы. Орындықтарда отырған көрермендерге қарағанда түргеліп тұрған адамдардың қарасы қалың. Көп арасынан қазақ студенттерін, туристерін, әскери қызметін өтеп жатқан солдаттарды көз шалып қалды. Алдыңғы қатардан әлем музыкасының «жілігін шағып, майын ішкен», ылғи ығай мен сығайдан құралған Бүкілодақтық конкурстың жюри мүшелері орын алған.

Міне, біз үшін асыға күткен сын сағаты да келіп жетті. Сахнада – Қызылорда облысы Арал аудандық мәдениет үйінің Қазанғап атындағы халық аспаптар оркестрі. Орындалатын шығарма – Құрманғазының «Сарыарқа» күйі. Заманында «Тентек күйші» атанған халық композиторының динамикалық күші жағынан теңдесі жоқ, терең мазмұнды, жігерлі де екпінді күйінің айтар ойын мәскеулік көрерменге сөз құдіреті арқылы қалай жеткізуге болады? Жанында да, қанында да күй ойнаған көшпелі қазақ деген халықтың жүрегінің соғысын, кең тынысын, болмыс-бітімін, оның елдігі мен көңілінің ұлан-байтақ даладай кеңдігін, шапқан тұлпарлар тұяғының дүрсілі мен қалың қолдың екпінін ар жағында түйсігі бар жатжұрттық тыңдаушы осы бір оптимизмге толы шығарма арқылы сезінуі керек.

«В этом произведении бунтаря степи, великого народного композитора Курмангазы Сагырбаева вы всем сердцем и душой почувствуете необычайную красоту золотой степи, услышите грохот копыт аргымаков с жаркой кровью, свист пролетающего ветра по бескрайним просторам и волшебные, неповторимые, чарующие звуки народных музыкальных инструментов домбры, кобыза и свирели. Живи и расцветай, айналаин, золотая степь моя!» деп көрермендерге шығарма табиғатының аннотациясы хабарлануы мұң екен, екпінді күй сахна төрінен Мәскеу аспанына шарықтай көтеріліп, қалықтай жөнелді. Ұзақ уақыт дамылсыз қол соғып, қошемет көрсетуден көрермендердің классикалық шығарманы барынша жылы қабылдағанын сезіндік. Концерт репертуарындағы келесі қазақ тілінде орындалатын шығармалардың да мәнін, мазмұны мен мағынасын өзге ұлт өкілдеріне осылайша жеткізуге тырыстық. Дегенмен, халық композиторы Сүгірдің «Бозінген» күйінің табиғатын, оның ырғағын, айтар ойын өзге ұлт өкілдерінің түйсігіне жететіндей етіп жеткізбесең, «Ақылдының сөзіндей ойлы күйді» (Абай) олардың толық түсінбей, жай ғана қарапайым шығарма ретінде қабылдай салуы әбден мүмкін еді. Мазмұны мұңға, өкініш пен күйінішке, сарғайған сағынышқа толы шығарманың өз тыңдаушысын бей-жай қалдырмайтындай құдіретке ие екені белгілі. Күйді тыңдағанда сары даланы қақ тіліп, белден бел, қырдан қыр асып, қапияда адасып кеткен ботасын іздеп келе жатқан бейшара аруана келеді көз алдыңа. Оның қос жанарынан сағыныш тамшылары тамшылайды. Боздаған бозінгеннің көкірегіндегі өзегін өртеген шерлі зарының, қайғы-қасіретінің сарыны күйдің ірімдерінде тұнып-ақ тұр. Біз музыка құдіретімен өрнектелген қайғылы да аянышты көрініс барынша қысқа да нұсқа мәтінмен тыңдаушының жүрегіне жеткізіп, көз алдына елестетуге тырыстық.

«Идёт по степи, оглядываясь по сторонам, верблюдица несчастная. Протяжно ревёт она, издавая беспрерывно и жалобно звуки, похожие на плач. Из её глаз текут крупные, жгучие слёзы тоски и печали. Она ищет своего пропавшего верблюжонка. Где же, ты, где, верблюжонок мой?...» деп күй мазмұнына осылайша түсінік берілді. Дирижёр пультінде тұрған Сайлау Тілеповтің сиқырлы таяқшасының екпінімен оркестрдің негізін құрайтын қос ішекті домбыраның қоңыр дауысы, қыл ішекті қобыздың зарлы сарыны мен сыбызғының сызылтқан азалы үні еуропалық музыкалық аспаптармен өзара жағымды үндестік тауып, тылсымға толы, сырлы үн шығарып, зарлап қоя берді. Сүгір бабамыздың зар еңіреп, безек қаққан шерлі «Бозінген» күйінің түйінді ойын көпұлтты көрермендерге аралдық өнерпаздар осылай жеткізді.

Құрамында профессорлар мен өнер зерттеушілері бар қазылар алқасы концерт қорытындысын шығарып, ұжымның орындаушылық шеберлігіне ризашылықтарын білдіріп, кейбір кемшіліктерін түзетуге ақылкеңес берді. Сонымен бірге халық, қазақ-совет композиторларының бірнеше шығармасын, аралдық композитор Мұрат Сыдықовтың СССР Халық артисі Роза Бағлановаға арнаған «Сыр гүлі» атты лирикалық әнін Бүкілодақтық радио комитеті жазып алып, эфир арқылы бүкіл Одаққа таратты. Келесі күні Қазақстан Республикасы павильонына таяу орналасқан ашық эстрада алаңында көрме қонақтарына арнап концерт қойдық. Концертте №177 орта мектепте музыка пәнінен сабақ беретін әріптесім Әскербек Есжановтың баянда сүйемелдеуімен қарақалпақтың «О, Мария, Мария!» атты әзіл әнін орындадым.

Жалпы айтқанда, оркестр бұл сапардан үлкен абыроймен оралды. Бүкілодақтық байқау-конкурстың екінші дәрежелі дипломымен наградталды. Оркестрдің әншілері Мықтыбай Қызылбаев, Қойсын Қуантаева, Мақашбай Алмағанбетов қола, ал дирижёр Сайлау Тілепов күміс медальмен марапатталып, мерейі өсті. Жоғары деңгейдегі музыка мамандары Сайлау Тілеповтің дирижерлік таланты мен қабілетін жоғары бағалап, оған Мәскеудегі консерваторияға түсуге ұсыныс жасады.

Аралдықтардың байқау-конкурстағы жетістіктері туралы аудандық, облыстық, республикалық газеттер бетінде сұхбат, мақалалар жарияланып жатты. Мемлекеттік орталық концерт залының режиссёрі В.Беляков «Москвалықтар қошеметі» (15 август 1974 ж. «Ленин жолы») атты мақаласында: «Көрмеде СССР Мәдениет министрлігіне қарасты аудандық, қалалық ұлт-аспаптар оркестрі мен хор ұжымдарының қатысуымен екі ай ішінде РСФСР-дың, Украинаның, Белоруссияның, Қазақстанның, Өзбекстанның, Грузияның... 22 коллективі өнер көрсетті. Солардың бірі – Арал аудандық Мәдениет үйінің Қазанғап атындағы халық аспаптар оркестрі. Аралдық өнерпаздар қызықты, тартымды репертуарымен келіпті. Жеке орындаушылардың ішінен қобызшы У.Тілеулиева, домбырашылар Қ.Қызылбаев, Б.Тілепов, әншілер З.Әлімбетова, М.Алмағанбетов, Қ.Қуантаева, Ж.Әбішев ерекше көрінді. Аралдықтардың өнері байқаудың барлық талабына жауап берді ғой деп ойлаймын. Олардың әндері мен күйлерін Бүкілодақтық радио мен телевизия таспаға жазып алды. Қорыта айтқанда, аралдықтардың жүзден жүйрік шығып Мәскеуде өнер көрсетуі қуанарлық та мақтанарлық іс» деп жазды.

Иә, негізі өткен ғасырдың сонау елуінші жылдардың ортасында қаланған, 1967 жылы «Халық оркестрі» құрметті атағына ие болған облыстық, республикалық байқаулардың бірнеше дүркін лауреаты атанған, абыройбеделі өңірге ғана емес, бүкіл Қазақстанға белгілі өнер ұжымы осылайша ауданымыздың мәртебесін көтеріп, абыройын асқақтатты.

Әнес ӘУЕЗОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

МАЗАНЫ АЛҒАН МАЙМЫЛ ШЕШЕГІ ҚАНШАЛЫҚТЫ ҚАУІПТІ?

Фото: Ашық дерекқоздан

Бұл қандай ауру?

Бұл – маймыл шешегі вирусынан туындайтын зооноздық (адамға жануарлардан жұғатын) жұқпалы ауру. Сондай-ақ инфекция адамнан адамға берілуі мүмкін. Алғаш рет ауру 1958 жылы зертханалық маймылдар колониясында, ал 1970 жылы адамдарда анықталған. Негізінен Орталық және Батыс Африка елінде кездеседі. 2022 жылы мамырда эндемиялық емес бірнеше елде анықталды. Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымының мәліметі бойынша, бүгінге дейін маймыл шешегі әлемнің 75 елінде тіркелген, оны 16 мыңнан астам жұқтырған және 5 адам қайтыс болған. Көбінесе инфекция Еуропа мен Америкада анықталады, ерлер арасында жиі кездеседі.

Вирус ауру жұқтырған жануарлармен, атап айтқанда, тышқан және тиін сияқты кеміргіштермен жанасу немесе ауру жұқтырған адамдармен қарым-қатынаста болғанда таралады.

– Оның симптомдары инфекция жұққаннан кейін 5-21 күн өткен соң және қызба, бас ауруы мен бұлшықет ауруы, лимфа түйіндерінің ұлғаюы, шаршау, қалтырау, теріде желшешек бөртпелеріне ұқсас көпіршіктер пайда болады. Жұқтыру қаупін азайту үшін сақтық шаралары ұсынылады. Атап айтқанда, ұқсас симптомдары бар (бөртпе, көпіршік, қызба және т.б.), әсіресе жақында эндемиялық аймақтардан келген адамдармен жақын қарым-қатынаста болуды азайтуға тырысыңыз. Ауру жұқтырғандарға күтім жасау кезінде қорғаныс құралдарын қолданған жөн. Бетперде тағыңыз және теріге, бөртпелерге қол тигізбеңіз. Ауру жұқтырған адамның қолдануы мүмкін киім, төсек-орын, сүлгісін, заттарын ұстамаңыз. Қол гигиенасын сақтаңыз, яғни, қолды үнемі сабынмен жуыңыз немесе антисептик қолданыңыз. Симптомдар байқалған кезде басқа адамдармен қарым-қатынастан аулақ болыңыз және дереу медициналық көмекке жүгініңіз. Эндемиялық аймақтарға барған кезде абай болыңыздар және барлық қауіпсіздік шараларын сақтаңыздар. Басқа елге барар алдында сол аймақтағы эпидемиологиялық ахуал туралы ақпаратты тексеріп алыңыз. Бұл сізге ықтимал қауіптерден хабардар болуға және қажетті шараларын қолдануға көмектеседі. Егер үйге келгеннен кейін 21 күн ішінде бөртпе, қызба, бас ауруы немесе лимфа түйіндерінің ұлғаюы сияқты симптомдар байқалса, дереу дәрігерге қаралу қажет. Медициналық мекемеге барған кезде дәрігердің дұрыс диагноз қойып, тиісті ем тағайындауы немесе зерттеп-қарауы үшін қайда, кіммен қарым-қатынаста болғаныңызды міндетті түрде хабарлау керек.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы эпидемиологиялық ахуал нашарлаған соң Мрох вирусының (маймыл шешегі) өршуіне байланысты халықаралық маңызы бар төтенше жағдай жариялады. Бүгінгі күні елімізде маймыл шешегіне күдікті бірде-бір жағдай тіркелген жоқ. Осы инфекцияны ел аумағына әкелуге жол бермеу үшін профилактикалық шаралар қабылданды. Қазақстанның санитариялық-карантиндік пункттерінде аса қауіпті ауруларға күдікті науқасты мемлекеттік шекарада анықтау жөніндегі іс-шаралар жүргізіледі, – дейді облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Динара Жаңабергенова.

Үкімет те алаңдаулы

Жуырда Үкімет отырысында күн тәртібінен тыс маймыл шешегі вирусы мәселесі қаралды. Премьер-министр Олжас Бектенов әзірге алаңдауға негіз жоқ екенін, алайда арқаны кеңге салуға болмайтынын атап өтті.

– Көріп отырғанымыздай, әзірге алаңдауға еш негіз жоқ. Қазақстанда қауіпті індетті жұқтырудың бірде-бір жағдайы тіркелген жоқ. Алайда арқаны кеңге салуға болмайды. Денсаулық сақтау министрлігі ахуалды әрі қарай бақылауда ұстап, жұқпалы аурудың ел аумағында таралуын болдырмау үшін алдын алу шараларын қабылдасын. Бұл әсіресе, әуежайлар мен шекарадағы өткізу бекеттеріне қатысты, –деді Олжас Бектенов.

Денсаулық сақтау вице-министрі Ержан Нұрлыбаев бүгінде елімізде эпидемиологиялық жағдай тұрақты, сирек жұқпалы ауруды жұқтыру жағдайы тіркелмегенін айтты.

– Қазақстан Республикасы аумағында індеттің пайда болу қаупі аз. Осыған қарамастан, министрлік бұл инфекцияның таралуына жол бермеу үшін алдын алу шараларын қабылдап жатыр. Мемлекеттік шекара арқылы өткізу бекеттерінде санитарлық-карантиндік бақылау күшейтілді. Аталған инфекцияға күдікті науқас анықталса, жағдайдың ушығуының түрлі сценарийлері бойынша медициналық қызметтің іс-қимыл алгоритмдері әзірленді. Дәрілік заттар қорының қажетті көлемін қалыптастыру шаралары қабылданды. Медицина қызметкерлерін диагностика және емдеу әдістеріне оқытудың қайталама циклдері жергілікті жерлерде жүргізіледі. Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің қаулысы және төтенше жағдайлар кезіндегі ұлттық іс-қимыл жоспары дайындалды. Жағдай Денсаулық сақтау министрлігінің тұрақты бақылауында, – деді Ержан Нұрлыбаев.

Дүниежүзін алаңдатқан жұқпалы дерттен еліміз аман болсын деп тілейік.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

1-бет.

Фото: Ашық дерекқоздан

Әлеуметтік желіде Анна Кирьянова есімді ресейлік белгілі психолог, жазушы, тележүргізушінің жазбаларын байқап қалдым. Өзі негізін қалаған психологиялық орталықтың басшысы, бұған қоса, ерікті психологтар мен философтар ассоциациясының вице-президенті екен. Осы кісі классик жазушы А.Чеховтың шағын бір әңгімесіне психолог ретінде өз тілінде талдау жүргізіпті. Жалпы нұсқасы өзіме ұнағасын шамам келгенше аударма жасап, бөліскенді жөн көрдім.

Чеховтың «Кең болсаң кем болмайсың» дегенді меңзейтін кешірім туралы бір жақсы әңгімесі бар дейді А.Кирьянова. Әйел-баласынан жырақтау, басқа қалада әжептәуір қомақты жалақысы бар кәсіп істейтін бір ер адам жалақы алған күні қызметтестерімен кафеде есінен танғанша арақ ішеді. Сол жердегі қатын-қалашпен тақасы түсіп қалғанша билеп, бар даусымен бақырып ән салып, көрші столда өзі сияқты көңіл көтеріп отырған кісілердің жағасына жармасып, гитарасын ұрып сындырып дегендей, жалпы не істеп, не қойғаны есінде жоқ. Қашан жалақысы таусылғанша бірнеше күн осы тірлігін жалғастырған әлгі адамның бұл қылығы кәсіпорын басшысының да құлағына жетіп, әрине, қызметінен ит қосып қуа салады. Мың жерден мықты маман болса да, кәсіпорынның атына кір келтіретін кеңкелесті кім керек қылсын?!

Жалақысын соқыр тиын қалғанша ішіп тауысты, ол айдан анық. Әйелі жұмыс істемейді, ол заманда үй шаруасы бастан асатын болған соң әйелдер жұмыс істемеген ғой. Басын тауға да ұрып, тасқа да ұрып дегендей тапқан-таянғанын ішіп тауысып, әзер қолы жеткен жұмысы өз алдына, жылдап жинаған абыройынан бір-ақ сәтте айырылып, күйінгеннен өліп-ақ кетейін десе, жан тәтті, өле алмай, үйіне қайтып баруға беті жоқ, әлгі еркек әйеліне жағдайды қысқаша ғана хат арқылы жеткізгенді жөн көреді. Ер адам дегеннің өзі жаратылысы сондай, ең болмаса жағдайды тігісін жатқызып тәптіштеп жатуды да білмейді ғой байғұстар. «Жалақымды алып түгел ішіп қойдым, бәрін бүлдірдім, істеп жүрген жұмысымнан айырылдым». Болған-біткені осы.

Есесіне өмірден түңілген күйеуіне әйелінен жөнді жауап келді. «Қайтесің енді, болар іс болып бояуы сіңгесін өкінгенмен не пайда? Құдай салды, біз көндік. Өзіңді өзің қолға алып басқа жұмыс қарастырып көрсеңші».

Содан не болды дейсіз ғой, әлгі еркек ескі дивандағы бүктетіліп жатқан орнынан түрегеліп, әйелінен келген хатқа жарық дүниеге жаңа келгендей ұзақ қарады. Сосын көп кідірмей бетін жуып, белін буып дегендей, сыртқа шығып жұмыс іздеуге кірісті. Бағына орай, ізін суытпай бұрынғыдан да жақсы, жалақысы да артық жұмыс тауып алды. Ісі де оңға басты, әйел-баласын да қалаға көшіріп алды. Арақты мүлдем ауызға алуды қойды, әйелін бұрын да жақсы көріп қосылған болатын, енді тіпті төбесіне көтере сыйлайтын болды.

«Қарапайым жандардың қағидасын бүгешігесіне дейін білген Чехов мықты жазушы ғой» дейді психолог Анна Кирьянова. Қателік жасаған, шалыс басқан, жолдан тайған, онсыз да өткен ісіне өкініп тұрған жанның жер-жебіріне жетіп сөккенде, айыбын бетіне басқанда, оны одан сайын ашындырғанда, одан келер пайда бар ма?

Шыдам-төзімі шыркау шегіне жетіп тұрған адамнан бар ашуыңды алдың делік, ал одан не шықты, адам да жоқ, тірлік те жоқ, мәселе де жоқ.

Шындығында, қолдан келіп жатса кеңпейіл болу, кешірімді болу, оның соңы қандай нәтижеге жеткізерін байыптай білу де даналықтың бір тармағы емес пе ?! Біздің қазағымыздың даналық тәмсілдері де түсіне білген адамға, күнделікті өмірде орнымен тұтына білген адамға жатқан бір тұтас ғылым, теңдесі жоқ тәрбиелік тағылым беретін жоғары оқу орындары емес пе?

«Өз мінін түсіне білген адам, үш адамға ақыл бере алады», «Сабыр түбі сары алтын, сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа» дейді. Шалыс басқан жанның алдына келіп ақырғы сөзін айтып ақталғанын күтудің көк тиынға да қажеті жоқ. Қолыңнан келе ме, артық сөз айтпай, жүйкесін жұқартпай, кешірімді болуға тырыс, мүмкіндігің болса қолдау білдір. Нағыз кешірім деген – түсіністік таныту мен қолдау көрсету, басқасы бекер болады. Кешірім жүрген жерде шынайы сыйластық пен жақсы көру қатар жүреді.

Әлімжан ҚИЯС.
Қазалы ауданы

Газетіміздің келесі саны 30 тамыз, жұма күні шығады.

Дүние дүрмек

Келесі жылы оралады

Халықаралық ғарыш станциясында тұрып қалған NASA ғарышкерлері келесі жылы Жерге оралатын болды.

Бұл туралы АҚШ аэроғарыш агенттігі хабарлады. Жоспар бойынша ғарыш кемесі Жерге 1 аптадан кейін қонуы керек еді. Құрылғы қозғалтқыштарының істен шығуына байланысты кері қайту алдағы жылдың ақпанына жоспарланды.

Айта кетейік, маусымда 2 адамнан тұратын команда 8 күндік миссияға аттанған еді. Содан бері ғарышкерлерді Жерге қайтару бірнеше рет кейінге шегерілді.

Баланы жазалауға бола ма?

ЮНИСЕФ Балалар қоры жүргізген зерттеуге сүйенсек, дүниежүзінде ересектер тарапынан қатыгездік, зорлық-зомбылық көріп жүрген бүлдіршіндердің саны миллионнан асады. Баланы ұрып-соғуға, халықаралық деңгейде тыйым салынған.

Алайда, бұған бағынбайтын елдер көп. АҚШ-та баланы ұрып-соғу – жазалаудың кең тараған түрі. Балаларды жазалауға тыйым салу туралы федералды заң жоқ, дегенмен, 31 штатта тыйым салу актілері бар, ал 17 штатта балаларды жазалау қалыпты жайт. Сингапурде тәртіпке бағынбаған оқушыны Үкімет тарапынан жазалау бар. Мұғалімі емес, оқу орнының басшысы ресми түрде оқушыны теріс қылығы үшін бөксеге дейін қамшымен 6 рет ұрады. Бұлай жазалау Үндістанда да бар.

Ал Оңтүстік Кореяда оқушыларды таяқпен тәрбиелеуге рұқсат беріп қана қоймай, оны қалай және қаншалықты жақсы ұру керектігін үйретеді. Малайзияда көбіне ұл балалар тәртіп бұзғаны үшін таяқ жейді. Сондай-ақ Египет, Сирия сияқты Таяу Шығыс елдерінде де бұл жағдай қалыпты.

Салқындатқыш мата

Массачусетс университетінің ғалымдары салқындатқыш мата жасап шығарды.

Келешекте одан киімдер тігіп, адам ыстықтан қорғана алатынын айтады. Мамандар әктастың суыту қасиеттерін ескере отырып, матаны жасауда кальций карбонаты негізіндегі қаптаманы қолданған. Ол күнге жақсы шағылысады. Мұндай матаны өндіру де оңай. Өзгелермен салыстырғанда технология көп ақшаны қажет етпейді. Оның үстіне киімді тіпті машинада жуғаннан кейін қасиеттерін жоғалтпайды екен.

Ғалымдар климаттың өзгеруінің салдары жылдан жылға айқын сезіле бастаған кезде мұндай инновацияның пайдасы зор болатынын айтады.

Ой күшімен басқарады

Сал ауруына шалдыққан адам миына чип енгізілгеннен кейін ойының күшімен бейнеойындар ойнауды үйренген.

Бірнеше апта бұрын Алекс есімді науқастың миына операция жасалып, Neuralink компаниясының чипі орнатылған. Кезінде науқастың жұлынына зақым келіп, денесі қозғалмай қалған. Енді Алекс бейнеойындар ойнап қана қоймай, тіпті 3D-нысандарды жасауға арналған бағдарламалармен жұмыс істейді. Өткен қыста Neuralink компаниясы тағы бір науқастың миына чип орнатып, нәтижесінде ол ойының күшімен цифрлық құрылғыларды басқарып, тіпті ноутбукте шахмат ойнауды меңгерген.

Ақпарат көздерінен

ОҚЫРМАН ОЛЖАСЫ

Қазақстан Журналистер, Халықаралық Жазушылар одағының мүшесі, ардагер журналист Бейбітбек Бүркітбайұлының «Жанжырлы нар» атты жаңа кітабы жарыққа шықты. Бұған дейін автордың «Алаңжар», «Зәнжілді зар» деп аталатын екі кітабы оқырманға жол тартқан болатын.



ТАНЫМ ЖӘНЕ ТОЛҒАНЫС

Жаңа кітап соның жалғасындай, қалам иесінің ұлтымыздың рухани тұлғалары туралы ой орамдары, сезім сырлары, Тәуелсіздік жолындағы толғаныс, тағдырлы таным, замандастар бейнесі жыр жолдарына арқау болған. Айталық автор «Қазақстан» деп аталатын өлеңінде:

– Құлпырады гүлденіп далам бүгін,
Зүриятым зерттеп жүр ғалам сырын.
Картасында әлемнің Қазақстан,
Күні-түні тілеймін амандығын, – деп туған елге деген жүрекжарды тілегін жеткізеді. Сондай-ақ саналы ғұмырын баспасөз саласына арнаған қаламгер:
– Жаңа шыққан әрбір газет шуақты,
Сөзі терең, қазыналы, қуатты.
Тектілердің көзін құртқан дәуірдің,
Тасқа басқан шежіресі сияқты, – деп дәстүрлі баспасөздің бағасын өз ойымен өрнектейді. Жалпы қаламгердің көңіл толғаныстары әртүрлі тақырыпты қаузап, ақ пен қара алмасқан өмірдің күйініші мен сүйінішін жырға қосады.

Кітаптың жалпы мазмұны «Шілдедегі құс жолындай іздері», «Тағдыр. Таным. Толғаныс.», «Тағылым-ғұмыр», «Бір ұядан түлеп ұштық» деп келетін төрт бөлім арқылы тарқатылады.

«СБ» ақпарат

«Сыр бойын» ақпараттық агентігінен де (сайттан) оқыңыз

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына
сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен
сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және
қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің
түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп,
«ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы
«Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23122 | Тапсырыс №1341 | Кезекші редактор **Әділжан ҮМБЕТ**